



1972

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

1) FTAMP индексі (MRNTI) мақаланың сол жақ үстіңгі бөлігінде, қою шрифтпен орналастырылады. MRNTI нөмірін <http://grnti.ru/> сайтынан табуға болады.

2) Мақаланың атауы (7–12 сөз), бас әріптермен жартылай қою шрифтпен, ортасында (мақаланың тілінде).

3) Автордың (авторлардың) тегі мен аты–жөндері және ID Orcid.

4) Авторлар туралы ақпарат (аффилиациялар (ұйымдардың атаулары), елдің, қаланың, барлық авторлардың мекенжайы, барлық авторлардың электронды пошталары). *Қолжазбаны дайындауға ең үлкен интеллектуалды үлес қосқан адам (егер екі немесе одан да көп авторлар болса) сәйкес автор болып табылады және «*» белгісімен белгіленеді. Егер авторлар әртүрлі оқу орындарынан болса, онда цифрлармен 1,2 көрсетіледі.*

5) Аннотация 150–ден 300 сөзге дейін, тақырыпқа сәйкес кілт сөздер/сөз тіркестері (кемінде 5–10), (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).

6) Мақаланың көлемі (әдебиеттер тізімін және авторлар туралы мәліметтерді есепке алмағанда) 3500–ден 6000 сөзге дейін болуы тиіс. Бұл жағдайда А4 форматындағы беттердің саны маңызды емес – тек мақала мәтініндегі сөздердің саны ескеріледі.

7) Мақаланы беру кезінде авторлар ілеспе хатты ұсынуы керек, университетішілік авторлар үшін ілеспе хаттың орнына факультеттің шешімі қажет (*А Қосымшасы*) және төменде көрсетілген қағидалар бойынша ресімделген мақаланың қолжазбасын жіберулері қажет.

8) Авторлар міндетті түрде ілеспе хатта жіберілетін мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада сілтемелерсіз басқа жұмыстардан алынған мәтіннің үзінділері жоқ екенін көрсетулері тиіс.

9) Қаріп – Times New Roman, кегель – 12 пт. бір жоларалық интервалмен. Сол және жоғарғы жиектер – 2,5 см, оң және төменгі – 2 см, абзац – 1,25. Аннотация және пайдаланылған әдебиеттер тізімі бірдей қаріппен — Times New Roman, өлшемі 10 пт., сондай-ақ бір жоларалық интервалмен. Қолжазба ГОСТ 7.5–98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдардың баспа дизайнына» сәйкес ресімделуі тиіс.

10) Мәтінде әдеби дереккөздерге сілтеме жасау үшін төртбұрышты жақшалар қолданылуы керек – [1], формулалар үшін дөңгелек жақшалар қолданылуы керек – (1). Формула сілтемелері формуланың оң жағында орналасуы керек.

11) Барлық формулалар, сандық мәндер, шама белгілері Microsoft Equation 3.0 немесе MathType форматында терілуі керек. Егер бірнеше формулалар қатарынан жүрсе, әр формуланы бөлек теру керек.

12) Барлық қолданылған белгілер түсіндірілуі керек (жалпы қабылданған белгілерді түсіндірмеуге болады).

13) Сөйлемді формуладан бастауға болмайды.

14) Кестелер мен иллюстрациялар мәтінде жеке абзацтармен орналасуы керек. Әр кестеде және иллюстрацияда атауы болуы керек және әр кестеде және иллюстрацияда мәтін ішінде сілтемесі болуы керек. Кестелер мен иллюстрациялардың нөмірленуі бөлек.

15) Мазмұнды нақты анықтау үшін иллюстрациялар жеткілікті сапалы болуы қажет (кем дегенде 300 dpi). Иллюстрациялар нөмірленуі керек. Барлық иллюстрациялар

мен иллюстрация атаулары ортамен туралануы керек, атаулар иллюстрацияның астына ортамен тураланып орналасуы керек. Иллюстрациялар мен иллюстрациялардың атаулары мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп – Times New Roman, кегель – 12 пт. «Сурет» сөзінен кейін суреттің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (**Сурет 1** – Суреттің атауы).

16) Кестелер Microsoft Word кестесінің форматында жасалуы керек. Барлық кестелер нөмірленуі керек. Кестенің тақырыбы кестенің үстінде сол жағында орналасуы керек. Тақырыптар мен кестелер мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп–Times New Roman, кегель–12 пт. «Кесте» сөзінен кейін кестенің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (**Кесте 1** – Кестенің атауы).

Мақаланың құрылымы IMRAD құрылымына сәйкес болуы керек:

- **Кіріспе**
- **Материалдар мен әдістер**
- **Нәтижелер мен талқылау**
- **Қорытынды**

– **Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда)**

– **Әдебиеттер тізімі** тізімі мәтіннен кейін МЕСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен қағидаларына» сәйкес өңделеді (ҒЖБССҚК тізбесіне кіретін басылымдарға қойылатын талаптар). Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе Библиографиялық тізім Web of Science және/немесе Scopus–та индекстелген басылымдарға міндетті сілтемелерді қоса алғанда, саны кемінде 15 және 20–дан аспауы керек. Өз еңбегіне сілтеме жасау 1–2 дереккөзден аспауы тиіс. Әдебиеттер тізімін автоматты түрде нөмірлеуге жол берілмейді.

– **References.** Қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын әріптерімен транслитерациялау міндетті; ағылшын тіліндегі мақалалар үшін әдебиеттер тізімі түпнұсқа тілінде латын әріптерімен беріледі.

Назар аударыңыз! Егер ұсынылған әдебиеттер тізімінде кирилл әріптерімен жазылған дереккөздер болса, әдебиеттер тізімі екі нұсқада берілуі тиіс: «Әдебиеттер» бөлімінде бастапқы тілінде және «References» бөлімінде романизацияланған (латиницаға транслитерацияланған) нұсқада. Шетелдік жарияланымдар «References» бөлімінде толық қайталануы қажет. Кирилл әріптерін транслитерациялау үшін <https://qazlat.kz/> сайтындағы онлайн–конвертерді пайдалануға болады.

Транслитерацияланған әдебиеттер тізімі үшін келесі құрылымды қолдану қажет: Автор(лар) ағылшын тілінде. (жыл дөңгелек жақшаларда). Мақаланың атауы транслитерацияланған түрде [мақаланың атауының ағылшын тіліне аудармасы], дереккөздің транслитерацияланған атауы, шығу деректері ағылшын тіліндегі белгілермен.

Мысалы:

«**ӘДЕБИЕТТЕР**» бөлімінде

1 Құдайбергенова С.Қ., Әбілдина С.Қ. Жасанды интеллект және білім беру: мүмкіндіктер мен перспективалар // Білім және қоғам. – Алматы, – 2020. – № 2. – Б. 45–52.

«**REFERENCES**» бөлімінде

1 Kudaibergenova S.K., Abildina S.K. (2020). Zhasandy intellekt zháne bilim беру: múmkindikter men perspektivalar [Artificial Intelligence and Education: Opportunities and Perspectives] // Education and Society, no. 2, pp. 45–52. (in Kazakh).

Қолжазбаны рәсімдеу бойынша авторларға арналған нұсқаулық **Б қосымшасында** көрсетілген.